

К. Е. ВОРОШИЛОВ жолдастың сөзінің соңы

Егер бұл келіссөздердің нақты нәтижелері туралы айтатын болсақ, бұл нәтижелер Совет Одағының Герман Федералдық Республикасымен қатынастарын оңдауға, ССРО мен Герман Демократиялық Республикасы халықтарының арасындағы тығыздық бынтымақ пен шын мәнісіндегі достықты онан әрі дамытуға және совет мемлекеті мен оның ең жақын көршісі — Финляндия арасындағы достық қатынастарды нығайтуға көмектеседі.

Қорытыңды мұнанай айтуым керек: халықаралық проблемалардың арасында дүние жүзінің барлық халықтары үшін ең маңызды және ең жақын проблема қарусыздандыру проблемасы болып табылады.

Біздің Министрлер Советінің Председателі Н. А. Булганин жолдастың Америка Құрама Штаттарының президенті Д. Эйзенхауэр мырзаға жазған белгілі хатында жанталаса қарулануды тоқтату жолында тұрған кедергілер мейлінше толық баяндалды және нағыз нақты ұсыныстар жасалды, бұл ұсыныстарды жүзеге асыру қарусыздандыру жолындағы қадамдарды нақты қадамға айналдырады.

Біздің қарулы күштерімізді 640 мың адамға азайту жөніндегі Совет Үкіметінің шаралары, сонымен қатар Финляндиядағы Порккала-Удд совет-соғыс теңіз базасын жою туралы қарар Совет Одағының қарусыздандыру проблемасын шешуді тездетуге ұмтылған талабы мен шын ниетін көрсетеді.

Үкіметіміздің бұл қадамдары пісуі жеткен халықаралық проблемаларды қалай шешу керек екендігінің көз жеткізетін айқын өнегесі болып табылады.

Жолдастар! Өзінің Орталық Комитеті бастаған Лениниң ұлы партиясы дем беріп, басшылық етіп отырған біздің халқымыз халықтық демократия елдерімен және ұлы Қытаймен тығыздық достық ынтымақта, бұрын болып көрмеген шабытты қарқынмен және жігермен жана адамзат қоғамын — коммунизм орнатуда.

Жасампаз еңбек және халықтар арасындағы бейбітшілік совет адамдары үшін өзінің бүкіл қажымас творчестволық өмірінің ұлы принциптері мен мазмұны болып табылады.

Бұл принциптерді көздің қарашығындай сақтау — біздің қасиетті борышымыз. Сондықтан біздің таңдап алған жолмен алға басуымызға кедергі келтіруге тырысып отырған дұшпан күштер дүние жүзінде әлі бар тұрғанда, біз қырағы болуға тиіспіз және халқымызды орасан зор құрбандықтар мен мүқтаждықтарға, еңбекшілердің қасиетті қанының көп төгілуіне ұшыратқан өткен дәуірдің сабақтарын еркінмен да есте ұстауға тиіспіз. Ал мұны ең алдымен біздің қарулы күштеріміз — Совет Армиясы мен Соғыс-теңіз Флоты есте ұстауға тиіс. Олар еркінмен да толық жауынгерлік өзіндік жағдайында тұруға, ең жаңа техниканы қажырлылықпен меңгеруге, өздерінің әскери шеберлігін де өздерінің әскери сапасы білімдерін де тынбастан жетілдіруге беруге тиіс. Басқа сөзбен айтқанда — әлі қайсы бір кезде социализмнің қасиетті жеріне шабуыл жасауға батылы баратындардың өресінен еркінмен да анағұрлым жоғары тұруға тиіс.

Советтер елінің оңтүстік шекаралары-

ның күзетінде тұрған сіздер, Севастопольдіктер мен Қаратеніз флотының теңізшілері, қаһарман қаланың жауынгерлік дәстүрлерінің даңқын қасиетпен сақтап, еселеп арттыра беруге, сөйтіп, өткен уақытта Отанымыздың жауларына ойлағандай тойтарыс бергендердің дәрежесінде болуға тиіссіздер.

Қымбатты жолдастар — Севастопольдіктер мен даңқты Қаратеніз флотының теңізшілері, Сіздерді жоғары наградамен шын жүректен құттықтаймын және Сіздердің жасампаз бейбіт еңбекте сүйікті Отанымыздың қуатын нығайта беруде жана табыстарға жетулеріңізге тілектеспін (ду, ұзақ қолшапалақтау).

Отанымыздың теңіз шекарасындағы мызғымас берік қамал — қаһарман Севастополь қаласы көркейіп, нығая берсін! (қолшапалақтау).

Қаһарман қаланы қорғаушылардың ұлы ерлік істері совет халқының жүрегінде мәңгі жасай берсін! (қолшапалақтау).

Коммунизм орнатушы біздің ұлы халқымыз жасасын! (ұзақ қолшапалақтау).

Біздің даңқты Коммунистік партиямыз жасасын! (ду қолшапалақтау).

Біздің Совет Үкіметіміз жасасын! (көпке дейін басылмаған ду қолшапалақтау. Барлығы да орындарынан тұрды).

* * *

Мәжілісте Совет Одағының Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің Бірінші Секретары Н. С. Хрущев сөз сөйледі. Мәжіліске қатысушылар Хрущев жолдасты құлау құттықтады. Ол сөз сөйлеген кезде залда сан рет ду, ұзақ қолшапалақталды.

Н. С. ХРУЩЕВ жолдастың сөзі

—Менін, — деді Хрущев жолдас, Совет Одағының Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің атынан, партияның Орталық Комитеті Президиумының атынан сіздерді еңбек сіңірген алған зор наградамен — Климент Ефремович Ворошилов жана гана сіздерге тапсырған Қызыл Ту орденімен қызу құттықтауыма рұқсат етіңіздер.

• Бұл жоғары награда жаулардың самсаған әскерлеріне қарсы жүресте өздерін мәңгі өшпес даңққа бөлеген біздің ата-бабаларымыздың Отан алдында сіңірген еңбектерін атап көрсетеді. Бұл награда фашистік басқыншыларға қарсы жүресте біздің ұлы Отанымыздың даңқты ұлдарының жауынгерлік ерлік істерін еселеп арттырған совет жауынгерлерінің, Қаратеніз флоты теңізшілерінің қаһармандығын атап көрсетеді. Үкіметтің жоғары наградасы, сонымен қатар, еңбекшілердің Севастополь қаласын қалшына келтіру үшін жүрестегі даңқты істерін, Қаратеніз флотының жауынгер күштерін қалшына келтіру және онан әрі нығайту

республикалар мен облыстардың ауыл шаруашылығының еңбекшілері быйым егіннен жақсы өнім өсірді. Рас кейбір шғыс облыстарда құрғақшылық болуы салдарынан төмен өнім алынды. Бірақ осыған қарамастан, елімізді тұтастай алғанда астық бұрынғы жылдардағыдан едәуір көп жыйналды. Қоғамдық мал шаруашылығы өрге басып, осының нәтижесінде ет, сүт және мал шаруашылығының басқа өнімдерін өндіру және дайындау едәуір артты. Бірақ бұл өнімдер әлі де аздау болып отыр. Жұртқа мәлім, партия мен үкімет таяудағы жылдарда мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді мықтап арттыруға барлық күштерін жұмсауда.

Егер біз жұмыстағы кемшіліктерге негүрлым сын көзімен қарап, бұл кемшіліктерді батыл жоюға болсақ, онда шаруашылықтың барлық салаларында істің бұдан да жақсы алға басатынында күмән жоқ.

—Біз Сіздерге келгенде, — деп көрсетті Хрущев жолдас. — Севастополь қал-

ашылуы арналған жыйын. 2. Облыстық Совет атқару комитетінің председателі Қ. Оспанов жолдастың көрменің лентасын қыйып тұрған кез. Суретті түсірген А. Розенштейн.

БҰРНАҒЫ КҮНІ ОБЛЫСТЫҚ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ КӨРМЕСІ АШЫЛДЫ



СУРЕТТЕРДЕ: (оңнан солға қарай) 1. Облыстық көрменің ашылуына арналған жыйын. 2. Облыстық Совет атқару комитетінің председателі Қ. Оспанов жолдастың көрменің лентасын қыйып тұрған кез. Суретті түсірген А. Розенштейн.

Облыстық ауылшаруашылық көрмесінде

Қалалық В. В. Куйбышев атындағы мәдениет және демалыс паркііндегі цирк үйінің алдында үстінде трибуна орнатылған машина тұр. Машина үстіндегі микрофонда өлең-өлең диктор «Тыңдаңыздар! Жексенбі күнгі күндізгі сағат 12-де облыстық ауылшаруашылық көрменің ашылуына байланысты митинг болады» деп жариялайды.

Міне, көптен күткен күндізгі сағат 12 де болды. Облыстық ауылшаруашылық көрмесі комитетінің председателі А. Калинин жолдас митингін ашып, еңбекшілер депутаттары облыстық Советі атқомінің председателі Қ. Оспанов жолдасқа сөз берді. Ол өзінің сөзінде облыстық ауылшаруашылық көрмесінің ауыл шаруашылығындағы озаттардың іс әдістерінің жыйнағы деп бағалап, облыстың колхоздары, совхоздары және машина-трактор станцияларының жұмысына шөлу жасады.

...Ауылшаруашылық көрмесі ашылған алғашқы сағатта, шыныла да, озаттардың іс тәжірибесі баяндалған экспонаттарды толық көру қыйын болды — өйткені облысымыздың озат колхоздары мен совхоздарының егіннен мол өнім алуы және әрбір сауын сыйырдан мүмкіндігінше мол сүт алуы, сонымен қатар әрбір қойдан қырқылған жүннің жоғарғы көрсеткіштерін және басқаларын көру үшін жыйналған халық облыстық ауылшаруашылық көрмесінің павильондарыналық толды. Әсіресе көрмеге қатысушылар егін және оwoць шаруашылығы саласында зор табысқа жеткен озаттарының тәжіри-

Кызықты экспонаттар рүшілер оның оwoць өсірудегі тәжірибесі туралы көбірек сұрайды.

Петропавл ауданы, Петропавл совхозының стөнді жұртшылықтың назарын бірден өзіне аударды. Бұл шаруашылықтың мүшелері быйылғы жылы қаңуста өккен жердің әрбір гектарынан 400 центнерден өнім алған болатын. Міне, бұл стөндің жанына Григорий Киянов келді. Ол совхоз адамдарының бұл дақылды өсірудегі тәжірибелері туралы сұрады. Өзіне сабақ боларлықтарын дәптеріне жазып алды.

Совхоздар бөліміндегі стөндте агроном Горбунова көрмені көрушілердің сұрағына жауап беріп үлгерер емес. Бұл көрмеге кандидат болған Преснов, Чистов, Булаев және Тоқшын совхоздарының көрсеткіші көпшілікті қуантарлықтай. Мәселен, Преснов совхозының егіншілері мен механизаторлары быйылғы жылдың егін өсіру үшін қолайсыз болғандығына қарамастан, өздерінің қажырлы еңбегі нәтижесінде облыс бойынша жоғарғы көрсеткіштерге ие болды. Бұл совхоздардың басым көпшілігі тың және тыңайған жерге алғаш егілген дақылдардан 15 — 18 центнерден өнім алды.

Бұдан біржарым жыл гана бұрын ұйымдастырылған Булаев совхозының коллективі быйлы зор жеңіске жетті. Ғасырлар бойы плут түрені тимеген тың даладан комбайншылар быйылғы жылғы әрбір гектардан 17 центнерге дейін өнім жайнады.

тижесінде бұл совхозда мал шаруашылығы басының өсуі жағынан да, өнім жағынан да алға келеді.

Көрмеге экспонат ретінде қойылған Мамлют совхозының «Коханочка» атты сыйыры жұртшылықтың назарын өркіне аударды. Бұл сыйырды сауушы көрмеге қатысушыларға сыйырды күту және сауу жөнінде зоотехникалық және малдәрігерлік шараларды жүзеге асыратындығын толық әңгімеледі. «Сүт — сыйырдың тілінде, сауыншының — қолында» деген халық мақалының тәжірибеге негізделгендігін ол іс жүзінде дәлелдеп берді. Мәселен, бұл сыйырдан үстіміздегі жылдың тоғыз айы ішінде 5321 килограмм сүт сауылған. Сауыншы «Коханочка» сыйырынан тәулiк сайын 32 килограмм сүттің қалай алынатындығын баяндады.

Көрмеде механикаландыру павильонының жанында тұрған көптеген адамды кездестіруге болады. Олар ауылшаруашылық жұмыстарын механикаландыру жөніндегі әдістерді жеңінен білгісі келеді. Мәселен, көрушілердің біртөбы үш жүк машинасына тиелген астықты бірден алатын бункердің жұмысы туралы көп сұрақтар қойды.

Көрмеге қатысушылар жергілікті жаңалық тапқыштар шығарған машиналарға да баса назар аударды. Міне, Полудия ауданы, Тельман атындағы ауылшаруашылық артелінің мүшесі Г. Баун ойлап шығарған астық тазартқыш машина тұр. Ол сағатына 40—45 центнер астықты ақтап шығарады.

